

Алатау қаласы Кеңесі отырысының
2026 жылғы 26 тамыздағы
№ 3 хаттамасына
2-қосымша



РЕТТЕУШІ ЕРЕЖЕ

**«ALATAU CITY AUTHORITY» АРНАУЛЫ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ БЛОКТЫҚ БЮДЖЕТТЕУ
ҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ**

№CR-1.02, 26 тамыз 2026 жылғы

Оглавление

ЧАСТЬ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ	2
1 Наименование	2
2 Дата принятия	2
3 Дата вступления в силу	2
4 Правовое основание	2
5 Сфера действия	2
6 Цели Регуляторного положения	2
7 Толкование	2
ЧАСТЬ 2. ПРЕДМЕТ РЕГУЛИРОВАНИЯ	3
1 Предмет регулирования	3
ПРИЛОЖЕНИЕ 1: ПРАВИЛА БЛОЧНОГО БЮДЖЕТИРОВАНИЯ АДМИНИСТРАЦИИ ГОРОДА АЛАТАУ	4
Глава 1 – Общие положения	4
Глава 2 – Особенности блочного бюджетирования	4
Глава 3 – Государственные инвестиционные проекты и государственно-частное партнерство	7
Глава 4 – Управление средствами бюджета Администрации	8
Глава 5 – Переходные положения	9
Приложение № 1.1 к ПРИЛОЖЕНИЮ 1 Регуляторного положения	11

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 Атауы

Осы Реттеуші ереже «Alatau City Authority» арнаулы басқару ұйымының блоктық бюджеттеу қағидаларын белгілейді.

2 Қабылданған күні

Осы Реттеуші ереженің қабылданған күні оның Алатау қаласы Кеңесімен бекітілген күні болып табылады.

3 Күшіне ену күні

Осы Реттеуші ереже Алатау қаласы әкімшілігінің интернет-ресурсында орналастырылған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді.

4 Құқықтық негіз

Осы Реттеуші ереже «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 30-бабының 2-тармағына және 36-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

5 Қолданылу аясы

Осы Реттеуші ереже Алатау қаласы әкімшілігі үшін қолданылады.

6 Реттеуші ереженің мақсаттары

- (а) Әкімшілік бюджетін тиімді бөлу мен пайдалануды қамтамасыз ету;
- (б) бекітілген бюджеттік блоктар шегінде қаржы ресурстарын басқарудың икемділігі мен жеделдігін арттыру;
- (с) қаржы ресурстарын пайдалану және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу үшін ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету.

7 Түсіндіру

Осы Реттеуші ережеде қолданылатын қысқартулар Алатау қаласы әкімшілігінің блоктық бюджеттеу қағидаларының мәтінінде айқындалған мағыналарға ие.

2-БӨЛІМ. РЕТТЕУ МӘНІ

1 Реттеу мәні

Осы Реттеуші ереже Алатау қаласы әкімшілігінің блоктық бюджеттеу қағидаттары мен тәртібін көздейді және 1-ҚОСЫМШАҒА сәйкес Алатау қаласы әкімшілігінің блоктық бюджеттеу қағидаларын қамтиды.

1-ҚОСЫМША: АЛАТАУ ҚАЛАСЫ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БЛОКТЫҚ БЮДЖЕТТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1-тарау – Жалпы ережелер

1-бөлім. Жалпы ережелер

- (1) Әкімшілік бюджетін жоспарлау, бекіту, нақтылау, түзету, атқару, мониторингілеу, ішкі және сыртқы аудит пен қаржылық бақылау тәртібі Алатау қаласындағы бюджеттік режимнің арнайы ережелері туралы Реттеуші ережемен (№ CR-1.01, 26 тамыз 2026 жылғы) белгіленеді.
- (2) Алатау қаласы әкімшілігінің блоктық бюджеттеуі – Әкімшілік бекітілген шығыстар лимиттері шегінде Алатау қаласының стратегиялық құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін Әкімшіліктің ағымдағы шығыстары, Әкімшіліктің қаржылық резервтері және дамуға арналған шығыстар арасында бюджет қаражатын дербес қалыптастыратын, қайта бөлетін және толық пайдаланатын бюджетті басқару тәсілі.
Бюджеттерді қалыптастыру және атқару осы Қағидалардың ережелерін ескере отырып жүзеге асырылады.
- (3) Алатау қаласы әкімшілігі (бұдан әрі – Әкімшілік) республикалық бюджеттік бағдарламалардың дербес әкімшісі болып табылады.
- (4) Блоктық бюджеттің бюджеттік рәсімдерін бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2-тарау – Блоктық бюджеттеудің ерекшеліктері

2-бөлім. Әкімшіліктің шығыстар лимиттері

- (1) Әкімшіліктің шығыстарға жалпы қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

Әкімшіліктің шығыстарға жалпы қажеттілігі = $\Theta\text{АШ} + \text{ДШ}$, мұндағы:

$\Theta\text{АШ}$ – Әкімшіліктің ағымдағы қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көзделген тиісті жоспарланатын инфляция деңгейіне индекстелген, жоспарлы кезеңнің үш жылына арналған, Әкімшіліктің көзделмеген шығыстарға арналған резервінің лимитін қоса алғандағы шығыстар;

ДШ – жоспарлы кезеңнің тиісті үш жылына арналған, Алатау қаласының стратегиялық құжаттарында көзделген дамуға арналған шығыстар;

- (2) Әкімшіліктің меншікті кірістері (МК) лимиттерді есептеу және кезекті қаржы жылына арналған бюджет жобасын қалыптастыру кезінде мынадай басымдық тәртібімен бөлінеді:
 - (a) бірінші кезекте – $\Theta\text{АШ}$ көлемінен аспайтын мөлшерде Әкімшіліктің ағымдағы шығыстарын ($\Theta\text{АШ}$) жабуға;
 - (b) екінші кезекте – осы Қағидалардың 4-бөліміне сәйкес айқындалатын мөлшерде Әкімшіліктің тұрақтандыру резервін қалыптастыруға;

- (с) осы тармақтың (а) және (b) тармақшаларына сәйкес бөлуден кейін қалған Әкімшіліктің меншікті кірістерінің бөлігі Алатау қаласының стратегиялық құжаттарында көзделген дамуға арналған шығыстарды (ДШ) жабуға бағытталады.
- (3) Осы бөлімнің (2) тармағында көзделген бөлу негізінде Әкімшіліктің шығыстар лимиттері мынадай формулалар бойынша айқындалады:
- (а) Әкімшіліктің ағымдағы шығыстары бойынша мынадай формула бойынша айқындалады:
ӘАШ лимиті (республикалық бюджет) = $\max(0, \text{ӘАШ} - \text{МК}(\text{ӘАШ}))$,
мұндағы МК(ӘАШ) – ағымдағы шығыстарды жабуға бағытталатын Әкімшіліктің меншікті кірістерінің бөлігі.
- (b) Алатау қаласын дамытуға арналған шығыстар бойынша мынадай формула бойынша айқындалады:
ДШ лимиті (республикалық бюджет) = $\max(0, \text{ДШ} - \text{МК}(\text{ДШ}))$,
мұндағы МК(ДШ) – дамуға арналған шығыстарды жабуға бағытталатын Әкімшіліктің меншікті кірістерінің бөлігі.

3-бөлім. Әкімшіліктің меншікті кірістері

- (1) Әкімшіліктің меншікті кірістері (МК) Конституциялық заңның 31-бабы 4-тармағына сәйкес қалыптастырылады және корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, жер салығы және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы, Әкімшілік пен оның органдары салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар және өзге де өндіріп алулар бойынша түсімдерді, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі республикалық және облыстық бюджеттердің түсімдеріне жатқызатын өзге де түсімдерді, сондай-ақ Алатау қаласында енгізілетін, Әкімшілік әкімшілендіретін және Әкімшілік бюджетіне есептелетін өзге де төлемдерді қамтиды.
- (2) Әкімшіліктің меншікті кірістерін Әкімшіліктің ағымдағы шығыстары (ӘАШ), тұрақтандыру резерві және дамуға арналған шығыстар (ДШ) арасында бөлу осы Қағидалардың 2-бөлімінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.
- (3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған жеке қаражат, жарналар және өзге де көздер Әкімшіліктің меншікті кірістерінің құрамына енгізілмейді және осы Қағидалардың 7-бөлімінің (14) тармағына сәйкес бөлек есепке алынады.

4-бөлім. Әкімшілік бюджетінің резерві және Әкімшіліктің қаржылық резервтері

- (1) Әкімшілік бюджетінің резерві мен Әкімшіліктің қаржылық резервтері бір-бірінен бөлек есепке алынады.
- (2) Әкімшілік бюджетінің резерві тек қана Алатау қаласын дамыту мақсатында қалыптастырылады, толықтырылады және пайдаланылады.

- (3) Әкімшілік бюджетінің резерві бірлескен кәсіпорындар мен өзге де қаржы активтерінің қызметінен түсетін инвестициялық кірістер, меншікті кірістердің асып кетуі, сондай-ақ даму бюджеті қаражатының үнемделуі есебінен қалыптастырылады.

Әкімшілік бюджетінің резерві тек қана Алатау қаласын дамыту жөніндегі бюджеттік бағдарлама шеңберінде күрделі салымдар мен қаржылық инвестицияларды бірлесіп қаржыландыру үшін пайдаланылады. Әкімшілік бюджетінің резерв қаражаты Әкімшіліктің ағымдағы қызметін қамтамасыз ету жөніндегі бюджеттік бағдарламаның шығыстарын жабуға пайдаланылмайды.

- (4) Алатау қаласы әкімшілігінің бюджеті мынадай қаржылық резерв түрлерін көздейді:

- (a) Әкімшіліктің тұрақтандыру резерві;
- (b) Әкімшіліктің көзделмеген шығыстарға арналған резерві.

Қаржылық резервтер меншікті кірістер мен ерікті мүліктік жарналар, үшінші тұлғалардың қайырымалдықтары, сондай-ақ республикалық бюджет қаражатын қоспағанда өзге де түсімдер есебінен қалыптастырылады.

- (5) Әкімшіліктің тұрақтандыру резервінің лимитін Кеңес қаржы жылына арналған бюджетті бекіту кезінде мынадай сомалардың 10 (он) пайызы мөлшерінде белгілейді:

- (a) Әкімшіліктің ағымдағы шығыстарының (ӘАШ) толық көлемі;
- (b) Әкімшіліктің меншікті кірістері (МК) есебінен жабылуы жоспарланатын дамуға арналған шығыстардың (ДШ) бөлігі.

Республикалық бюджеттен немесе Әкімшілік бюджетінің резервінен қаржыландырылатын ДШ шығыстарының бөлігі тұрақтандыру резерві лимитін есептеу базасына енгізілмейді.

Тұрақтандыру резерві Әкімшіліктің салықтық түсімдері есебінен қалыптастырылады және болжамды мәндермен салыстырғанда салықтық түсімдер (корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы) толық түспеген жағдайда кассалық алшақтықтарды тегістеуге және Әкімшілік бюджетінің тапшылығын жабуға арналған. Тұрақтандыру резервін пайдалану туралы шешімді Кеңестің Жедел комитеті қабылдайды.

- (6) Әкімшіліктің көзделмеген шығыстарға арналған резерві республикалық бюджет қаражатын қоспағанда, Әкімшіліктің ағымдағы қызметін қамтамасыз етуге бағытталатын қаражат есебінен, Кеңес қаржы жылына арналған бюджетті бекіту кезінде бекітетін көрсетілген шығыстардың жалпы көлемінің 5 (бес) пайызынан аспайтын лимит шегінде қалыптастырылады.

Әкімшіліктің көзделмеген шығыстарға арналған резерві қалалық ақпараттық платформалардың ақауларын жоюды және сыртқы орындаушыларды жедел тартуды қоса алғанда, кейінге қалдырылмайтын, жоспарланбаған операциялық және ақпараттық-технологиялық міндеттерді қаржыландыруға пайдаланылады.

Бекітілген лимит шегінде Әкімшіліктің көзделмеген шығыстарға арналған резервін пайдалану туралы шешімді Әкімшіліктің Бас атқарушы директоры қабылдайды.

Әкімшіліктің көзделмеген шығыстарға арналған резервінің қаражаты мемлекеттік инвестициялық жобалар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландыруға пайдаланылмайды.

5-бөлім. Бюджеттік бағдарламалар

- (1) Бюджет құрылымының бөлімі шегінде бюджеттік бағдарлама көзделген мақсатқа қол жеткізуге бағытталған жаңа бюджеттік бағдарламаны енгізуге жол берілмейді.
- (2) Жаңа бастамаларға арналған шығыстар Әкімшіліктің Ведомстволық бюджет комиссиясының оң қорытындысы негізінде бюджеттік бағдарламаға (кіші бағдарламаға) енгізіледі.
- (3) Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелері Алатау қаласының стратегиялық құжаттарының көрсеткіштеріне сәйкес келмеген жағдайда, сәйкессіздіктің себептері бюджеттік бағдарламаның сипаттамасында баяндалады.

3-тарау – Мемлекеттік инвестициялық жобалар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік

6-бөлім. Мемлекеттік инвестициялық жобалар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жоспарлау негіздері

- (1) Алатау қаласын дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялар Конституциялық заңның 32-бабына сәйкес Алатау қаласының аумағында жаңа құрылыс объектілерін салуға (құруға) не қолда бар объектілерді реконструкциялауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы болып табылады.
- (2) Алатау қаласын дамытуға бағытталған мемлекеттік инвестициялық жобалар Алатау қаласының стратегиялық құжаттары негізінде дамуға арналған шығыстар лимиттері (ДШ) шегінде жоспарланады және іске асырылады.
- (3) Мемлекеттік инвестициялық жобалардың құны артқан жағдайда оларды қаржыландыру Әкімшіліктің жеткізілген шығыстар лимиттері шегінде жүзеге асырылады.
- (4) Алатау қаласын дамытуға бағытталған мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау, негіздеу, іске асыру және олардың құнын айқындау тәртібі Конституциялық заңның 32-бабы 4-тармағына сәйкес Кеңестің шешімі бойынша Әкімшіліктің нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.
- (5) Алатау қаласының аумағындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары Әкімшіліктің бюджеттік өзін-өзі қамтамасыз етуі басталғанға дейін республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік міндеттемелер бөлігінде дамуға арналған шығыстар лимиттері (ДШ) шегінде жоспарланады және іске асырылады.
- (6) Алатау қаласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру тәртібі Конституциялық заңның 33-бабына сәйкес Кеңестің шешімі бойынша Әкімшіліктің нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

4-тарау – Әкімшілік бюджеті қаражатын басқару

7-бөлім. Аванстау, ауыстыру және қаражатты есепке алу рәсімдері

- (1) Аванстау – бірінші (ағымдағы) қаржы жылының шығыстар көлемін екінші (кейінгі) жылдың көлемін тең сомаға азайту есебінен ұлғайту. Ауыстыру – бірінші жылды екінші жылдың көлемін тең сомаға ұлғайта отырып азайту.
- (2) Жеткізілген шығыстар лимиті шегінде үш жылдық кезеңнің бірінші (ағымдағы) және екінші (кейінгі) жылдары арасында шығыстар көлемдерін аванстауға және ауыстыруға үш жылдық кезеңге арналған шығыстардың жалпы көлемінің 10%-ынан аспайтын жиынтық көлемде жол беріледі.
- (3) Аванстау бірінші (ағымдағы) қаржы жылының жоспарланатын шығыстар көлемін екінші (кейінгі) қаржы жылының шығыстар көлемін тең мәндес сомаға азайту есебінен ұлғайту арқылы жүзеге асырылады.
- (4) Ауыстыру бірінші (ағымдағы) қаржы жылының жоспарланатын шығыстар көлемін екінші (кейінгі) қаржы жылының шығыстар көлемін тең мәндес сомаға ұлғайту есебінен азайту арқылы жүзеге асырылады.
- (5) Әкімшілік шығыстарының көлемдерін аванстау және ауыстыру республикалық бюджетті қалыптастыру, нақтылау шеңберінде жүзеге асырылады.
- (6) Әкімшілік шығыстарының көлемдерін аванстау және ауыстыру Әкімшіліктің Ведомстволық бюджет комиссиясының оң қорытындысын талап етеді.
- (7) Қаржы жылы ішінде Әкімшіліктің Ведомстволық бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, Әкімшіліктің бас атқарушы директорының шешімі бойынша қаражатты айлар бойынша, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) арасында, шығыстардың экономикалық сыныптамасының спецификалары бойынша қайта бөлуге жол беріледі.
- (8) Әкімшіліктің бас атқарушы директоры блоктық бюджетте көзделген жалпы шығыстар лимитін сақтауға міндетті.
- (9) Қаржы жылының қорытындысы бойынша Әкімшілік бюджеті қаражатының қалдықтары мен туындайтын үнемі Әкімшіліктің билігінде қалады.
Бюджет қаражатын пайдаланбау (толық пайдаланбау) нәтижесінде туындаған қаражат қалдықтары болашақ кезеңдерге бағытталуы мүмкін.
Әкімшілік бюджеті қаражатының туындайтын үнемі Кеңестің шешімі бойынша болашақ кезеңдерге бағытталуы, Алатау қаласының инфрақұрылымын дамытуға инвестицияланылуы, Әкімшілік бюджетінің шығыс баптары арасында қайта бөлінуі не әлеуметтік және ағымдағы міндеттерді іске асыру үшін Алатау қаласының жергілікті бюджетіне аударылуы мүмкін.

- (10) Әкімшілік пен Әкімшілік органдарына функцияларды беруге немесе жаңа функциялар беруге байланысты шығыстарды қаржыландыру блоктық бюджетті нақтылау немесе түзету шеңберінде жүзеге асырылады.
- (11) Үш жылдық кезеңге арналған шығыстардың жалпы көлемінің 10%-ына дейін шығыстар көлемдерін аванстау және ауыстыру жағдайларында Алатау қаласы әкімшілігі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік өтінім жібереді.
- (12) Республикалық бюджет қаражаты тек қана дербес есеп саясаты шеңберінде есепке алынады және пайдаланылады, есепке алу, атқару немесе мемлекеттік аудит мақсатында жеке қаражатпен, гранттармен және өзге де түсімдермен, сондай-ақ Әкімшіліктің меншікті кірістерімен қатар қолданылмауы тиіс.
- (13) Мемлекеттік инвестициялық жобалар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша бюджеттік бағдарламалардан Әкімшіліктің ағымдағы қызметін қамтамасыз етуге арналған бюджеттік бағдарламаға қаражатты қайта бөлуге жол берілмейді.
- (14) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған жеке қаражаттың, жарналардың және өзге де көздердің түсуін және жұмсалуды жоспарлау көрсетілген қаражат бойынша жеке кірістер мен шығыстар жоспары шеңберінде жүзеге асырылады.
- (15) Әкімшіліктің ағымдағы шығыстары (ӘАШ) шегінде қаражатты есепке алу, атқарылуын бақылау және қайта бөлу Әкімшіліктің ағымдағы қызметін қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы (кіші бағдарламасы) бойынша тұтастай, келісу, мониторингілеу және атқарылуын бақылау деңгейінде шығыстардың экономикалық сыныптамасының спецификалары бөлінісінде жүзеге асырылады.

5-тарау – Өтпелі ережелер

- (1) Әкімшіліктің ағымдағы қызметін республикалық бюджеттен 2027 жылдың бірінші жартыжылдығына қаржыландыру Әкімшілік қызметін қаржыландыру туралы өтініш (бұдан әрі – Өтініш), жиынтық есептеулер, есептеулер және оларға негіздемелер негізінде жүзеге асырылады.
- (2) Өтінішке, жиынтық есептеулерге, есептеулер мен оларға негіздемелерге Әкімшіліктің Бас атқарушы директоры қол қояды. Өтінішті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет жобасына енгізеді.
- (3) Әкімшілік бюджеті Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 8 шілдедегі № 1352 Жарлығымен бекітілген Кеңес туралы ережеде көзделген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде Кеңеспен бекітіледі.
- (4) Әкімшіліктің жауапты құрылымдық бөлімшесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы қабылданған күннен

бастап бес жұмыс күні ішінде Әкімшілік бюджетінің шығыстарын жоспарлы кезеңге іске асыру туралы бұйрықты әзірлейді және Әкімшіліктің Бас атқарушы директорының бекітуіне енгізеді.

- (5) Әкімшілік бюджет шығыстарын іске асыру туралы бұйрық бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік қазынашылыққа айлар бойынша бөлінген, айлық бөліністің негіздемесі бар Әкімшіліктің қаржыландыру жоспарының жобасын ұсынады.
- (6) Алатау қаласының Даму стратегиясы бекітілгеннен кейін Әкімшілік оны іске асыру мақсатында республикалық бюджетті нақтылау бөлігінде ұсыныс жіберуді қамтамасыз етеді. Ұсыныс Республикалық бюджет комиссиясында қаралғаннан кейін Әкімшілік Республикалық бюджет комиссиясының отырысынан кейін бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік өтінім ұсынады.

Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) паспорты

1. Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы: _____

2. Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі), ағымдағы мәртебесі:

3. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: _____

4. Бюджеттік бағдарлама іске асыруға бағытталған Алатау қаласының стратегиялық құжаттарының нысаналы индикаторлары:

5. Іс-шаралар мен түпкілікті нәтижелердің көрсеткіштері:

Іс-шара	Түпкілікті нәтиже (көрсеткіш)	Шығыстар көлемі, 1-жыл	2-жыл	3-жыл	Барлығы

Өкімшіліктің Бас атқарушы директоры

(немесе оны алмастыратын тұлға): _____ / _____ (қолы) (Т.А.Ө.)